

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 25 маусым N 785

Кредиторлық берешектердің азаюына және төлем жасау қабілетінің қалпына келуіне байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының дәрменсіз кәсіпорындарын санациялау мен жою жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 1996 жылғы 17 мамырдағы шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысының қосымшасына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 17, 194-бап) мынадай өзгертулер енгізілсін:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берілген төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындардың тізбесінен:

Қарағанды облысының "Карбид" АҚ-ы алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінен Қарағанды облысының "Карбид" АҚ мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету, пайдалану және басқару құқын қайтып алсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі